

Мәлік Бағдәулет Дайырбекұлы
(білім алушының аты-жөні)

53075200 Инженерлік құрылыстар және жолдар
(білім алушының аты-жөні)
(мамандық атауы және шифр)

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 30 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломдық жобамда Қазақстан ауданы Қыран

ауылы ауыл маңында жүргізілген

[illegible]

Студент Ишук Багдасарян дипломидақ тобаны орындау кезінде AutoCad, Excel, Word бағдарламаларын сайдатын көрсетті.

Шыңк Бағдарымет 53075200. Инженерлік кәсіпкер және тех-
 нол. мамандығы бойынша технологиялық бақылау дәре-
 жесін беруде лоботта жоба бағасы 88 %

Сын-пікір беруші

ТОО, Арх Умч Проект




(ҚОЛЫ) _____ (АТЫ-ЖӨНІ) _____

《17》

2022 ж.



ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Мәлік Бақдәулет Дайырбекұлы

(білім алушының аты-жөні)

5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып:

Жаңақорған ауданы Қыраш ауылын сумен жабдықтау

Дипломдық жоба тапсырмаға сәйкес орындалды. Дипломдық жоба орындауға Жаңақорған ауданы Қыраш ауыл сумен жабдықтау бойынша міндеттер қойылды. Жұмыс барысында келесі есеулер қарастырылды, ауыл тұрғындарына қажетті су мөлшері, өрт сөндіруге қажетті су шығындары, магистралдық құбырдың гидравликалық есептері қарастырылды. Студент барлық тапсырмаларды сәтті орындады. Дипломдық жобаны жазу барысында студент күнтізбелік кестеге сәйкес белгіленген мерзімдерді сақтады.

Білім алушы Мәлік Бақдәулет Дайырбекұлы 5B075200 “Инженерлік желілер және жүйелер” мамандығы бойынша техника және технологиялық бакалавры дәрежесін беруге лайықты. Дипломдық жобаны орындау бағасы 88%

Ғылыми жетекші

тех.ғыл.канд., қауым.,проф.



(колы)

Халхабай Б.

« 13 »

05

2022 ж.

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагияттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Мәлік Бақдәулет Дайырбекұлы

Тақырыбы: Жанакорган ауданы Кыраш ауылын сумен жабдықтау

Жетекшісі: Бостандык Халхабай

1-ұқсастық коэффициенті (30): 0.1

2-ұқсастық коэффициенті (5): 0

Дәйексөз (35): 0.1

Әріптерді ауыстыру: 99

Аралықтар: 12

Шағын кеңістіктер: 33

Ақ белгілер: 1

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні 12.05.2022ж

Кафедра меңгерушісі



Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Мәлік Бакдәулет Дайырбекұлы

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Жанакорган ауданы Кыраш ауылын сумен жабдықтау

Научный руководитель: Бостандык Халхабай

Коэффициент Подобия 1: 0.1

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 33

Знаки из здругих алфавитов: 99

Интервалы: 12

Белые Знаки: 1

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☒ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 12.05.2022₂

Заведующий кафедрой


Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Мәлік Бакдәулет Дайырбекұлы

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Жанакорган ауданы Кыраш ауылын сумен жабдыктау

Научный руководитель: Бостандык Халхабай

Коэффициент Подобия 1: 0.1

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 33

Знаки из здругих алфавитов: 99

Интервалы: 12

Белые Знаки: 1

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 12.05.2022г

Лишова
ЖМУ
проверяющий эксперт

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Мәлік Б.Д.

Жаңақорған ауданы Қыраш ауылын сумен жабдықтау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Алматы 2022

Алматы 2022

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	03.02.2022-20.03.2022	Орындалады
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	23.03.2022-07.04.2022	Орындалады
Экономика бөлімі	03.04.2022-10.04.2022	Орындалады

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З. Кашкинбаев техн.ғыл.д-ры, профессор	03.05.2022	
Экономика бөлімі	Б. Халхабай техн.ғыл.канд., қауым.проф.	07.05.2022	
Норма бақылау	А.Н. Хойшиев техн.ғыл.канд., қауым.проф.	11.05.2022	

Жетекші



Халхабай Б.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Мәлік Б.Д.

Күні

«24» 01 2022 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.


«24» 01 2022ж. К.К. Алимova

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Мәлік Бақдәулет Дайырбекұлы

Тақырыбы: Жаңақорған ауданы Қыраш ауылын сумен жабдықтау

Университет Басшысының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489-П/Ө
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Ауылдың құрылыстық жобасы,
орналасу орны, ауылдың климаттық парметрлері.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім: Ауыл тұрғындарына керекті ауыз су мөлшер , тәуліктіктегі
және де сағаттық, секундтық максималды, минималды су шығындары, елді
мекендегі тәуліктік үзіліссіз су тұтынушылар, арынды мұнара және таза су
резервуар есебі;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;

в) Экономика бөлімі;

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Бас жоспар; 2) Арынды мұнара сұлбасы; 3) су алу ғимараты; 4)
Максималды тәуліктік жуық шамамен алынған өрттік су шығыны; 5)
Технологиялық карта.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

АНДАТПА

Осы жобаның мақсаты Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Қыраш ауылын сумен қамтамасыз ету болып табылады. Сумен жабдықтаудағы негізгі мақсат тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету және оларды санитарлық-гигиеналық талаптармен қамтамасыз ету болып табылады.

Жобалау кезінде Қыраш ауылына қажетті барлық мәліметтер жиналды. Сондай-ақ, географиялық бедер, климат және сумен жабдықтау бойынша шаралар қаралды. Жобаны іске асыру нәтижесінде құрылыс жұмыстарының көлемі мен экономикалық көрсеткіштер анықталды. Біздің жұмысымыздың басты талабы халықты жалпы сумен жабдықтау кезінде санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларды сақтау болып табылады.

АННОТАЦИЯ

Целью данного проекта является водоснабжение села Кыраш Жанақорганского района Кызылординской области. Основной целью водоснабжения является обеспечение потребителей питьевой водой и обеспечение их санитарно-гигиеническими требованиями.

При проектировании были собраны все необходимые источники для села Кыраш. Также были рассмотрены меры по географическому рельефу, климату и водоснабжению. В результате реализации проекта определены объемы строительных работ и экономические показатели. Главным требованием нашей работы является соблюдение санитарно-эпидемиологических условий при общем водоснабжении населения.

ABSTRACT

The purpose of this project is the water supply of the village of Kyrash Zhanakorgan district of Kyzylorda region. The main purpose of water supply is to provide consumers with drinking water and provide them with sanitary and hygienic requirements.

During the design, all the necessary sources for the village of Kyrash were collected. Measures on geographical relief, climate and water supply were also considered. As a result of the project implementation, the volume of construction work and economic indicators were determined. The main requirement of our work is compliance with sanitary and epidemiological conditions in the general water supply of the population.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Елді мекеннің су тұтыну жағдайы	8
1.2 Климаттық жағдайы	8
1.3 Инженерлік-геологиялық және де гидрогеологиялық жағдайлары	9
1.4 Топырақтың физикалық және механикалық қасиеттері.	9
Топырақтың тұздануы және агрессивтілігі	10
1.5 Ауыл тұрғындарына керекті ауыз су мөлшері	10
1.6 Тәуліктіктегі максималды су шығынын есептеу	11
1.7 Сағаттық су шығыны	12
1.8 Минималдық сағаттық су шығыны анықтау	12
1.9 Жасыл алқапты суғаруға қажетті су шығыны	13
1.10 Өрт сөндіруді қажет ететін су шығыны	13
1.11 Есепті секундтық су шығынының анықталуы	14
1.12 Елді мекендегі тәуліктік үзіліссіз су тұтыну үшін есепті секундтық су шығыны	14
1.13 Магистралды құбырды гидравликалық есептері	15
1.14 Меншікті, ілеспе (жол-жөнекей) және түйін шығындарының анықталуы. Тұйықталған түйіннің гидравликалық есебі	16
1.15 Арынды мұнараның есебі	17
1.16 Таза су резервуарының сыйымдылығын анықтау	20
2 Құрылыс технологиялық бөлімі	20
2.1 Жер жұмыстарын жүргізу	21
2.2 Санитарлық қорғау аймағы	22
2.3 Негізгі құрылыстағы машиналарды таңдау	22
2.4 Бульдозердің жұмыс өнімділігінің анықталуы	24
2.5 Экскаватордың жұмыс өнімділігін анықтау	26
3 Экономикалық бөлім	26
3.1 Су құбыр торабының құрылыс құнын анықтау	26
3.2 Жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді басқару.	28
Материалдық шығындар	30
3.3 Электроэнергетикаға кететін шығындар	31
ҚОРЫТЫНДЫ	31
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	32

КІРІСПЕ

Су өмірдің көзі екендігі бәрімізге түсінікті. Бұл біздің күнделікті қажеттіліктеріміздің бірі болып табылады. Ғылым мен техниканың жетілу кезеңінде біздің өміріміздің қайнар көзі болатын қажеттілігіміздің тиімді болуы керек. Даму сатысына қарай, біздің уақытта су тұтыну мөлшері артып келеді. Сапалы және таза судың көлемі біз үшін өте құнды. Біздің үлкен мақсатымыздың бірі болашақ ұрпағымызға суды жеткізу.

Сумен қамту-белгілі бір мекенді, өндіріс орнын, ауылдық өңірлерді табиғи кешеннен су алып, сапасын өңдеп, халыққа жеткізу. Осыған орай халықты орталықтандырылған жабдықтау жүйесімен немесе жер үсті не болмаса жер асты суларын алып, өңдеп және зарарсыздандырып оны тұтынушыларға жеткізу қажет.

Ауыз су бұл органолептикалық жағдайы дәмі мен иісі және химиялық құрылысы адамның ағзасына қауіпсіз табиғи су. Адамның денсаулығы судың құрамына тікелей байланысты. Осыған байланысты ауыз судың сапасына мемлекеттік санитарлық міндеттер қойылады.

Таза және қауіпсіз суға қол жеткізу адамның негізгі сұраныстарының бірі болып есептеледі. Статистикаға сүйенсек дамушы елдерден шамамен 1 млрд-тай адам суға қол жеткізе алмай отыр. Жалпы, адамзаттың 20 пайызы ауыз су тапшылығын сезінуде. Су тапшылығы бар елдер қатарына Азия елдері де жатады. Су ресурстарының жетіспеушілігі Оңтүстік Африка елдерінің дамуын тежейтін факторлардың бірі болып табылады.

Суды Еуропа елдері өте көп пайдаланады. Өкініштісі олар пайдаланған сулар өзендер мен мұхиттарға түседі. Пайдаланылған тұщы сулар ағынды сулар ретінде адамдар арқылы өзендерге қайта құйылады. Дистилденген су төмендей береді. Өнеркәсіптерде қолданылған суды мінсіз тазарту мүмкін емес. Қазір тұщы судың басты мәселесі оның сапасының төмендеуі болып отыр. Су тамақ дайындауға және ішуге жарамсыз деңгейге дейін төмендеп барады.

1 Негізгі бөлім

1.1 Елді мекеннің су тұтыну жағдайы

Елді мекеннің орналасқан жері Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Қыраш ауылы. Жаңақорған әкімшілік аумағынан оңтүстік-шығысқа қарай 21 км жерде орналасқан. Қаратаудың бөктерінде орналасқандықтан ауылдан 3 км жерде үлкен бұлақ бар. Суды сол Қайнар бұлағынан тартып әкелуге болады. Тұрғындар шахталық құдықтың суын пайдаланады. Құдықтың тереңдігі 7-8 м. Судың сапасы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай келмейді. Кейбір ауыл тұрғындары сол Қайнар бұлағынан үйлеріне тасып ішуде.

1.2 Климаттық жағдайы

Қыраш ауылдық округінің климаттық жағдайлары жазғың күндері аптап ыстық, қысқы күндері суық және тұрақсыз қармен сипатталады.

Өте жылы мезгілде орташа максималды ауа температурасы $34,1^{\circ}\text{C}$ құрайды, ал өте салқын кезеңде минус 12°C , бес күндік минус 24°C , күндік температурасы минус 30°C . Абсолютті максималды ауа температурасы 46°C , ал абсолютті минимум минус 38°C . суық кезеңнің ауытқуы 3 айдан 4 айға дейін жалғасады. Ал жылы кезең 8 айға созылады (наурыз айынан қазан айына дейін).

Көпжылдық жауын-шашынның мөлшері 156 миллиметрден 147 миллиметрге дейін өзгерісте болады.

Жауынның мөлшері қараша наурыз айларында 73мм, сәуір мен қазан айларында - 56мм.

Жел бағыты желтоқсан мен ақпан айларында СШ (солтүстік-шығыс), маусым мен тамыз С және СШ (солтүстік, солтүстік-шығыс).

Желдің максималды орташа жылдамдығы қаңтар айында 4,5м/сек ал минималды шілде айында 3,1м/сек болады.

Мұздың нормативтік қату тереңдігі 0,76м ал қиыршықты тасты шөгінділер грунттық 1,26м.

Грунтқа ену тереңдігі 0°C : саздық - 0,86м, қиыршық тасты шөгінділер грунттық - 1,36м.

Ылғалдану аймағы— III (күрғақ).

Қардың қалыңдық ауданы —I.

Желдің қысымы ауданы бойынша — III.

Мұздың қатуы бойынша ауданы — III

1.3 Инженерлік - геологиялық және де гидрогеологиялық жағдайлары

Жер астындағы сулар 2011 жылдағы қаңтар мен мамыр айларындағы 3,0-8м тереңдікте жүргізілген қазба жұмыстарынан кейін ашылмаған. Жер асты сулары шамамен 5-10м тереңдікте. Елді мекен жер асты суларының басым тереңдігі 5-10 метр және одан да көп болған кезде жер асты ағынымен қамтамасыз етілетін табиғи дренаж аймағында орналасқан. Учаскелік аумақта орналасқан пайдалану ұңғымалардан алынған сынамаларының химиялық және бактериологиялық, радиологиялық талдаулардың нәтижесінде беріледі. Бор шөгінділері жер асты сулары 0,33-тен 0,42 г/л-ге дейінгі минералдану және де гидрокарбонатты кальцийлі-натрийлі құрамымен сипатталады. Төменге жер асты суларының сапалық құрамын көрсететін көрсеткіштер келтірілген.

Бұл жердегі су – тұщы және қоспасыз және де иіссіз болып келеді. Температурасы – 31,50 °С, рН – 8,2.

Елді мекендегі зерттелетін су бактериологиялық көрсеткіштері бойынша ҚР ҚН 4.01-02-2012 сәйкес болып табылады.

Осыған орай жоғарғы бор шөгінділері жер асты суларын химиялық-бактериологиялық және де радиологиялық талдау бұл судың ҚР ҚН 4.01-02-2012 ауыз су туралы талаптарына сәйкес келетінін және халықты ауыз сумен жабдықтауға жарамды екенін көрсетіп отыр.

1.4 Топырақтың физикалық және механикалық қасиеттері. Топырақтың тұздануы және агрессивтілігі

Зерттелетін ауданда бас инженерлік-геологиялық элементтер:

Біріншісі ашық қоңыр, кеуекі, қатты, шөгінді саздауыт. Саздауыт өз салмағы бойын – ша шөкен кезде байқалмайды.

Екіншісі – қиыршық тасты топырақ;

Үшіншісі – құмы ұсақ, борпылдақты, су аз мөлшерде;

Төртіншісі – палеогенді балшықты жасыл, тұтқырлы және желді;

Бесіншісі – сазды құмдақ.

Инженерлік-геологиялық элементтерді топырақтың физикалық және берік, деформациялы және де шөгінді қасиеттері ұсынылатын нормативтік көрсеткіштер мен сипатталады .

Жобаланған аймақтың жеңіл және қатты емес еритін тұздардың құрылымы бойынша топырақтары 3,0 метр тереңдікке дейінгі аралықта орташа және де қатты тұздалған болып келеді. Құрғақ қалдығы 0,462-ден 9,969 пайыз аралыққа дейін. МЕСТ 1.23-2013 жобаланған су өткізбеушілік бойынша W4 маркадағы бетонның SO_4 ион мөлшеріне қайта есептегенде сульфаттарының құрамы бойынша жобаланған алаңдардың топырақтары күшті және агрессивті, ал сульфатқа төзімді келетін бетон үшін осы цемент МЕСТ 1.23-2013 бойынша әлсіз агрессивті болып келеді (нормативтік құрамы $SO_4 = 7427$ мг/кг.)

Портландцементте бетондар үшін Cl иондарына қайтадан есептегенде

Портландцементте бетондардар үшін Cl иондарына қайтадан есептегенде хлоридтердің құрылымы бойынша жобаланып жатқан алаңдардың топырақтары, МЕСТ 1.23-2013 бойынша шлакопортланд цементте және сульфатқа төзімді цементтерде МЕСТ 1.23-2013 бойынша – күшті агрессивті болады ($Cl = 1282,6 \text{ мг/кг}$).

1.5 Ауыл тұрғындарына керекті ауыз су мөлшері

Ауыл тұрғындарына бір тәуліктегі қажетті ауыз су мөлшерінің алдымен есептеп алымыз. $Q_{\text{орт.тәу}}$ м³ – орташа тәулікті шығынын мына формуламен анықтай аламыз

$$Q_{\text{орт.тәу}} = \frac{N \cdot q}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәу}. \quad (1)$$

мұндағы $N_{\text{ж}}$ – тұрғындар саны (адам),
 $q_{\text{ж}}$ – судың шығыны, м³/с.

$$Q_{\text{орт.тәу}} = \frac{920 \cdot 130}{1000} = 119,6 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

1.6 Тәуліктіктегі максималды су шығынын есептеу

Тәуліктік ең көп қолданылатын максималды су мөлшері – $Q_{\text{мак.тәу}}$ [м³/тәу] анықталатын формуласы:

$$Q_{\text{мак.тәу}} = k_{\text{мак.тәу}} \cdot Q_{\text{орт.тәу}}, \text{ м}^3/\text{тәу}. \quad (2)$$

бұл жердегі $K_{\text{мак}}$ – елді мекендегі тұрғындардың тұрмыстық орналасуын, өндіріс орындарының жұмыс режимі мен құрылыстың абаттандыру дәрежесін ескеретіп, сонымен қатар су тұтынудың мезгілдік және де тәуліктіктегі суды тұтынудың тәуліктік біркелкісіз және де тұрақсыздық коэффициенті болып табылады.

Тұрмыстық аумаққа – $K_{\text{тәу.мак}} = 1,2$

Мал шаруашылығына – $K_{\text{тәу.мак}} = 1,1$

Өнеркәсіптік орындарға – $K_{\text{мак.тәу}} = 1,0$

$$Q_{\text{тәу.мак}} = 1,2 \cdot 119,6 = 143,52 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

1.7 Сағаттық су шығыны

Тұрмыстық аумаққа қажетті ауыз судың орташа сағаттағы су шығыны – $Q_{\text{орт.сағ}}$, $\text{м}^3/\text{тәу}$ осылай анықтаймыз:

$$Q_{\text{орт.сағ}} = \frac{Q}{24}, \text{м}^3/\text{сағ}. \quad (3)$$

$$Q_{\text{орт.сағ}} = \frac{119,6}{24} = 4,98 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Ал, максималды сағаттық су шығынын – $Q_{\text{макс.тәу}}$ $\text{м}^3/\text{тәу}$, мына формуламен анықтаймыз:

$$Q_{\text{макс.сағ}} = \frac{Q_{\text{тәу.макс}} \cdot k_{\text{макс.сағ}}}{24}, \text{м}^3/\text{сағ}. \quad (4)$$

мұндағы $k_{\text{макс.сағ}}$ – сағаттағы максималды тұрақсыз коэффициент.

$$Q_{\text{макс.сағ}} = \frac{2,4 \cdot 143,52}{24} = 14,35 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Керекті ауыз су мөлшерін кестеден қарап, сәйкес максималды сағаттық тұрақсыздық коэффициенті бойынша анықтап аламыз.

$$k_{\text{макс.сағ}} = \alpha_{\text{макс}} \cdot \beta_{\text{макс}} \quad (5)$$

мұндағы $\alpha_{\text{макс}}$ – құрылыстың абаттандырылуын дәрежесін ескеретін коэффициент, $\alpha_{\text{макс}} = 1,2 - 1,4$.

$\beta_{\text{макс}}$ – елді мекеннің жалпы тұрғындар санына байланысты ескеретін коэффициент, $\beta_{\text{макс}} = 2$.

$$k_{\text{макс.сағ}} = 1,2 \cdot 2 = 2,4$$

1.8 Минималдық сағаттық су шығыны анықтау

Елді мекенге, тұрмыстық аумаққа керекті ауыз судың қажетті минималдық сағаттық су шығынын – $Q_{\text{мин.сағ}}$, $\text{м}^3/\text{сағ}$ мына формуламен анықтаймыз:

$$Q_{\text{мин.сағ}} = \frac{k_{\text{мин.сағ}} \cdot Q_{\text{мин.тәу}}}{24}, \text{м}^3/\text{сағ}. \quad (6)$$

мұндағы $k_{\text{мин.сағ}}$ – сағаттық минималды біркелкісіз коэффициент.

$$Q_{\text{мин.сағ}} = \frac{0,06 \cdot 107}{24} = 0,27 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Елді мекендегі тұрғындарға қажетті ауыз судың мөлшерін тәуліктегі әр сағаттың өзіндік типтегі графигіне сәйкес минималды сағаттағы тұрақсыздық коэффициент $K_{\text{сағ.мин}}$ бойынша анықталады:

$$k_{\text{мин.сағ}} = \alpha_{\text{мин}} \cdot \beta_{\text{мин}} \quad (7)$$

мұндағы $\alpha_{\text{мин}}$ – абаттандыру дәрежесі және жергілікті жағдайларды ескеретін коэффициенті. $\alpha_{\text{мин}} = 0,6$ мәнін қабылдап алдым.

$$k_{\text{сағ.мин}} = 0,6 \cdot 0,1 = 0,06.$$

1.9 Жасыл алқапты суғаруға қажетті су шығыны

Жасыл алқапты суғаруға кететін су шығыны мына формуламен анықталады:

$$Q_{\text{жас.ал}} = F \cdot q, \text{ м}^3/\text{тәу}. \quad (8)$$

мұндағы $F, \text{ м}^2$ – елді мекеннің құрылыстық ауданының 5 пайызы. Елді мекендегі жерді суаруға қажетті су шығыны жасыл алқаптың суарылуына, жолдың суландырылуына қажетті су шығындарының қосындысымен табылады. Сол кезде:

$$Q_{\text{жас.ал}} = 4 \cdot 2,5 = 10 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

1.10 Өрт сөндіруге қажетті су шығыны

Өртті сөндіруге арналған су көлемі объектінің өрт қауіптілігі категорияға, өрттің таралу аймағына су беру техникасын тиімді пайдаланылуына байланысты. Жобаланатын орынның өрт қауіптілік дәрежесі неғұрлым көп болса, оны сөндіру үшін де соғұрлым көп су керек болады. Ал үлкен көлемдегі суды бұруға арналған су құбырларын салуға арналған материалдарға көптеген құралдар қажет болад. Сондықтан өртті сөндіру үшін қажетті су шығыны елді мекеннің өрт қауіптілігіне тікелей байланысты. Өртті сөндіруге қажет ететін су шығынын тұрғындардың санына және де ғимараттардың қабат санына байланысты кестеден алынды.

$$Q_{\text{өрт.тәу}} = q_{\text{өрт.орт}} \cdot N_{\text{өрт.орт}}, \text{ м}^3/\text{тәу}. \quad (9)$$

мұндағы $Q_{\text{орт.орт}}$ – өртті сөндіруге жұмсалатын орташа судың көлемі, л/с;
 $N_{\text{орт.орт}}$ – тұрғындардың санына байланысты өрттік коэффициенті.

$$Q_{\text{орт.тәу}} = 25 \cdot 2 = 50 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

1.11 Есепті секундтық су шығынының анықталуы

Есептік секундтық су шығынын әр бір суды тұтынушыларға жеке – жеке анықтаймыз. Оларды тәулік бойы үзіліссіз су тұтынатын және де үзілісті су тұтынатындар болып екіге бөлеміз. Елді мекен тәулік бойы үзіліссіз су тұтынушылар болатын болса көшелерді суландыру, мектеп, бала-бақша мен жасыл алқаптарды суғару тәуліктегі үзілісті су тұтынушылар болады. Елді мекендегі үзіліссіз су тұтынатындар үшін есепті секундты су шығынын – q , л/с мына формуламен анықтай аламыз.

$$Q = \frac{K_{\text{сағ}} \cdot Q \cdot 1000}{86400}, \text{ л/с} \quad (10)$$

мұндағы $K_{\text{сағ}}$ – тәуліктік су шығынының тербелісінің сағаттық тұрақсыздық коэффициент. $K_{\text{сағ}} = 1,2$ деп қабылдап алдым;

$Q_{\text{макс.тәу}}$, м^3 – тәуліктіктегі ең көп қолданылатын су мөлшері.

$$q = \frac{1,2 \cdot 143,52 \cdot 1000}{86400} = 1,993 \text{ л/с}$$

Тәуліктегі үзілісті секундтық су шығынын мына формуламен анықтай аламыз:

$$q = \frac{Q_{\text{макс.тәу}} \cdot 1000}{T \cdot 3600}, \text{ л} \quad (11)$$

мұндағы T – тәуліктегі судың тұтынылу уақыты. Көшелер мен жасыл алқаптарды суағару кранының жұмыс жасайтын уақыты тәулігіне 5-6 сағ.

$Q_{\text{макс.тәу}}$, м^3 – тәуліктіктегі ең көп су тұтынылатын мөлшер.

$$q = \frac{143,52 \cdot 1000}{6 \cdot 3600} = 6,64 \text{ л}$$

1.12 Елді мекендегі тәуліктік үзіліссіз су тұтыну үшін есепті секундтық су шығыны

Мектеп және де бала-бақшаға қажетті су шығындарын мына формуламен

$$Q_{\text{орт.тәу}} = q \cdot \frac{N \cdot T}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәу}. \quad (12)$$

мұндағы q - коэффициент;
 N -тұтынушылар саны;
 T -жұмыс жасау уақыты;
 Мектептегі су шығыны:

$$Q_{\text{орт.тәу}} = 20 \cdot \frac{196 \cdot 16}{1000} = 62,72 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Бала-бақшаның су шығыны

$$Q_{\text{орт.тәу}} = 21,5 \cdot \frac{60 \cdot 16}{1000} = 20,64 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

1.13 Магистралды құбырды гидравликалық есептері

Тұйықталған су торабын есептеу үшін суды тұтыну желісінен суды бөлу схемасын жасау қажет. Есептеу схемасына кез-келген масштабты қабылдаса болады. Құбырды есептеу үшін оны әр түрлі бөліктерге бөліп аламыз. Бөліктің бастапқысын және де соңғы нүктелерін, түйіндерін белгілейміз сосын олардың арасындағы қашықтықты анықтаймыз. Орталықтандырылған шығындар барлық нүктелердегі тораптан алынады. Орталықтандырылған шығындар дегеніміз судың ірі тұтынушыларын айтамыз. Гидравликалық есептеулер жүргізер алдында жолаушылардың ғимараты, шағын цехтар, локомотив депосы, авто базалар, көшелерді суландыруға және жасыл желектерді суаруға арналған крандар есептеу схемасына арналған орталықтандырылған шығындарды әрбір торапқа белгілеу керек.

1.14 Меншікті, ілеспе (жол-жөнекей) және түйін шығындарының анықталуы. Тұйықталған түйіннің гидравликалық есебі

Тұйықталған тораптағы елді мекенге керекті су шығыны қай бөліктен алынатыны белгісіз болғандықтан, гидравликалық есептеу жүргізер алдында су таратудың ыңғайлы схемасын қабылдайды. Тұйықталған торап құбырының бүкіл ұзындығы бойында су шығыны әр метрге, әр секундқа біркелкі бөлінеді деген түсінік енгізіледі. Су құбыры 1 м бөлігі арқылы өтетін судың мөлшері нақты меншікті шығын деп атаймыз. Елді мекендегі ауыз су мен көшелерді суаруға және жасыл кеңістікті суаруға арналған судың мөлшері нақты ағынның сумен жабдықтау учаскесінің бүкіл ұзындығының қосындысына қатынасы арқылы анықталады:

сумен жабдықтау учаскесінің бүкіл ұзындығының қосындысына қатынасы арқылы анықталады:

$$q_{м.ш} = \frac{q}{\sum l} \quad (13)$$

Меншікті шығынын біле отырып әр есепті бөліктерінен алынатын жол-жөнекей су шығындарын анықтауымызға болады:

$$q_{ж.ж} = q_{м.ш} \cdot l \quad (14)$$

Бұдан әрі жол-жөнекей шығындарды біркелкі таратуын қамтамасыз ету үшін орталықтандырылған шығыстарды ескеріп отырып есеп жүргізіледі. Су құбыры желісінің әрбір торабының орталықтандырылған шығынды, сол учаскеге келетін жол-жөнекей шығындарының жартысына тең болады:

$$q_{түй} = 0,5 \cdot \sum q_{ж.ж} \quad (15)$$

Дегенмен әр түйіннің өзіндік орталықтандырылған шығыны болғандықтан, әр бөліктің жалпы шығыны мынандай формула бойынша анықтаймыз:

$$q_{түй} = q_{орт} \cdot 0,5 \cdot \sum q_{ж.ж} \quad (16)$$

Судың құбыр желісінің схемасында су шығынын алдын ала бөлудің сандық мәні мен бағыттары белгіленеді. Ең алыс болатын және ірі су тұтынушыларына транзиттік су шығындары ең қысқа жолмен берілетінін ескеру қажет. Тұйықталған тораптың әр бөлігіндегі судың қозғалыс бағытын белгілеп өту керек және олардың түйісу нүктелерін белгілеу керек

1.15 Арынды мұнараның есебі

Судың көлемін сақтау және реттеу үшін арынды мұнарасы қажет. Арын мұнарасының жалпы көлемін анықтауымыз керек. Ол үшін мына формуланы қолданамыз:

$$W_{рез} = W_{рет} + W_{орт}, м^3 \quad (17)$$

мұндағы $W_{рет}$ – арын мұнарасының реттейтін су көлемі, $м^3$

$W_{орт}$ – өрт сөндіруге қарсы қолданылатын судың көлемі, $м^3$.

Арынды мұнарасындағы реттейтін су көлемі мына формула бойынша анықталынады:

$$W_{\text{рет}} = \frac{P \cdot Q_{\text{мак.тәу}}}{100}, \text{ м}^3 \quad (18)$$

мұндағы P – арынды мұнарадағы қалатын су қалдығы, %;

$Q_{\text{мак.тәу}} = 143,52 \text{ м}^3/\text{тәу}$ – бір тәулік ішіндегі максималдық судың шығыны:

$$W_{\text{рет}} = \frac{22,74 \cdot 143,52}{100} = 32,64 \text{ м}^3.$$

Өртті тоқтатуға қолданылатын су көлемі мынандай формула арқылы анықталады:

$$W_{\text{өрт}} = (q_{\text{сырт}} + q_{\text{ішкі}}) \cdot 600 \cdot 0,001, \text{ м}^3 \quad (19)$$

мұндағы $q_{\text{сырт}}$ – сыртқы өртті сөндіру үшін керекті су шығыны, 25 л/с;

$q_{\text{ішкі}}$ – ішкі өртті сөндіру үшін керекті су шығыны, 5 л/с;

600 – өртті сөндіру уақыты, с;

0,001 – түзету коэффициенті.

$$W_{\text{өрт}} = (25 + 5) \cdot 600 \cdot 0,001 = 18 \text{ м}^3.$$

Осы кездегі бактың диаметрі:

$$D_6 = 1,2 \cdot \sqrt[3]{W_{\text{рез}}}, \quad (20)$$

$$D_6 = 1,2 \cdot \sqrt[3]{50,64} = 4,44 \text{ м}$$

Арынды мұнарадағы бактің су биіктігін мына формула бойынша анықтаймыз:

$$H_6 = 0,7 \cdot D_6, \text{ м} \quad (21)$$

$$H_6 = 0,7 \cdot 4,44 = 3,108 \text{ м}$$

Арынды мұнараның бакіндегі судың құрылысты биіктігін мына формула бойынша анықтаймыз:

$$H_{\text{б.қ}} = 0,25 + H_6 + 0,2, \text{ м} \quad (22)$$

$$H_{\text{б.қ}} = 0,25 + 3,108 + 0,2 = 3,558 \text{ м}$$

Ендігі кезекте арынды мұнараның бакинің құрылыстық көлемін анықтау қажет. Мына формула бойынша анықталады:

$$W_{\kappa} = \frac{\pi \cdot D_6^2}{4} \cdot H_{6.\kappa}, \text{ м}^3 \quad (23)$$

$$W_{\kappa} = \frac{3,14 \cdot 19,714}{4} \cdot 3,558 = 55,06 \text{ м}^3$$

1.16 Таза су резервуарының сыйымдылығын анықтау

Таза су резервуарының (ТСР) сыйымдылығы мына үш су көлемінің қосылуы бойынша анықталады: реттеуші судың көлемі, тазалау ғимаратына жұмсалынатын қажетті өзіндік судың көлемі және де өртке қажетті ешкім қолданбайтын судың көлемінің қосындылары.

$$W_{\text{рез}} = W_{\text{рет}} + W_{\text{өрт}} + W_{\text{өз.к}}, \text{ м}^3 \quad (23)$$

мұндағы $W_{\text{рет}}$ – резервуардағы реттеуші судың көлемі, м^3
 $W_{\text{өрт}}$ – өртке қарсы қолданылатын су көлемі, м^3
 $W_{\text{өз.к}}$ – өз қажеттілігіне жұмсалынатын су көлемі, м^3

Резервуардағы реттейтін судың көлемін төмендегі формула өрнегімен анықтаймыз:

$$W_{\text{рет}} = \frac{(4,17 - \alpha) \cdot b \cdot Q_{\text{макт.тәу}}}{100}, \text{ м}^3 \quad (24)$$

мұндағы α – сорғыштан судың берілуі, %

b – бірінші сатыдағы көтергіштің II сорғыларының жұмыс істеу уақыты, сағ.

$$W_{\text{рет}} = \frac{(4,17 - 2,27) \cdot 4 \cdot 143,52}{100} = 10,9 \text{ м}^3$$

Өртке қажетті қолданылатын судың көлемі мына формуламен анықталады, м^3

$$W_{\text{өрт}} = 3(Q_{\text{орт.сағ}} + Q_{\text{тәу}}^{\text{мак}} - Q_I), \text{ м}^3 \quad (25)$$

мұндағы $Q_{\text{орт.сағ}}$ – өртке қарсы, сөндіруге жұмсалатын, керекті барлық судың көлемі, м^3

$Q_{\text{макт.тәу}}$ – ең көп шығындар жиынтығының сағат ішінде жүйеден тұтынатын су көлемі, м^3

Q_I – I-ші көтеру сорғыш бекетінің сағаттық су беруі.

$$W_{\text{орт}} = 3(2,1 + 5,8 - 5,8) = 6,3 \text{ тм}^3 / \text{сағ.}$$

Ауылдағы өз қажеттілікке тұтынылатын судың көлемі:

$$W_0 = 0,1 \cdot 143,52 = 14,352$$

Таза су резервуарындағы толық сыйымдылық

$$W_{\text{рез}} = W_{\text{рет}} + W_{\text{орт}} + W_{\text{өз.қ}}, \text{ м}^3 \quad (26)$$

Сумен қамту желісінде арынды су мұнарасы қарастырылатын болатын болса ауыз-суға керекті максималдық су мөлшері торап бойындағы ең көп арын жоғалуы болатын кезге тән.

Су желісіндегі арынның жоғалуы гидравликалық есеп арқылы анықталады. Бөліктегі судың шығыны бойынша құбырдың диаметрін, ылдилығын анықтау арқылы әр бөліктегі арынның жоғалуын анықтауымызға болады.

$$h = i \cdot l \quad (27)$$

мұндағы i — құбыр бөлігіндегі әр бөліктің ұзындығының арын жоғалуы немесе гидравликалық еңістік;

l — есепті бөліктердің ұзындығы.

$$h = 1,63 \cdot 2240,96 = 3652,76$$

2 Құрылыс технологиялық бөлімі

2.1 Жер жұмыстарын жүргізу

Аумақтың тік жоспарлау негізінде ғимараттар мен құрылыстар астында және де жабынды астында жүргізіледі.

Тік жоспарлау негізінен қызыл белгілер әдісіменен ғимараттар мен құрылыстардан жер үстіндегі суларды бұруды ескере отырып шешеді.

Жер бедерінің жұмыстарын ұйымдастыру жоспарының жобасы жер бедеріне назар аудара отырып, жер үстіндегі суларын жабыннан және де ғимараттар менен құрылыстардан бұруды қамтамасыз етеді.

Жер бедерінің жоспары ғимараттардың және құрылыстардың астында жер үсті суларын бұру және жобаланып жатқан ғимараттар мен құрылыстардың едендерінің белгілері бар жоспарлау белгісін байланыстырып есепке ала отырып жасалады. Жобаланған аумақтың жобалық еңістері рұқсат етілген шектердеана ауытқиды.

Жөндеу және техникалық қызмет көрсету бөлімі аумақтарда қалыпты санитарлық-гигиеналық жағдайларын қамтамасыздандыру үшін мына жұмыстарды атқарады:

ағаштар мен гүлдерді отырғызу;

шабындық шөптерді егу;

Құрылыстық нысанындағы ордың енін табу үшін мына формуланы қолданамыз:

$$B = D + 2,03, \text{ м} \quad (28)$$

$$B = 2,09 + 2,03 = 4,12 \text{ м}$$

Ор тереңдігін $H_{\text{ор}}$, м анықтау формуласы:

$$H_{\text{ор}} = h + D + \Delta h, \text{ м} \quad (29)$$

бұл жерде h – жердің аймаққа байланысты қататын тереңдігі;

D – есептеп алынатын құбыр диаметрі;

Δh – құбырдың астына төселетін құмның қалыңдығы;

H – ордың тереңдігі.

Сонымен қатар, мына формуланы да қолдансақ болады:

$$B = mH + b + Nm, \text{ м} \quad (30)$$

мұндағы m – ордың құлама беткейінің еңістігі;

$m = 1,0$ – саз бен тастардың топырақтары;

$m = 1,5$ – құмшауыттың топырақтары.

$$B = 2,46 + 0,86 + 2,46 = 5,78 \text{ м}$$

Ордың қазылған кездегі жерден шығарылатын топырақ көлемі W , м^3 есептелінеді:

$$W = \frac{B+b}{2} \cdot H_{\text{ор}} \cdot L, \text{м}^3 \quad (31)$$

$$W = \frac{4,12 + 0,86}{2} \cdot 2,46 \cdot 2240,96 = 13726,78 \text{ м}^3$$

мұндағы құбыр жүргізетін ұзындық, м.

Ор тереңдігін $H_{\text{ор}}$, м анықтап аламыз:

$$H_{\text{ор}} = 0,22 + 2,09 + 0,15 = 2,46 \text{ м}$$

Құбыр салынатын ордың енін анықтап аламыз, м

$$b = 0,22 + 0,6 = 0,86 \text{ м}$$

Ор қазылғандағы жерден шығарылатын топырақ көлемі, м^3

$$W = \frac{B+b}{2} \cdot H_{\text{ор}} \cdot L, \text{м}^3 \quad (32)$$

$$W = \frac{5,78 + 0,86}{2} \cdot 2,46 \cdot 2240,96 = 18302,37 \text{ м}^3$$

2.2 Санитарлық қорғау аймағы

Санитарлы қорғау аймағын шаруашылық-ауыз су құбырындағы санитарлық-эпидемиологиялық сенімділікті қамтамасыз ету, арттыру мақсатында жасалады.

Резервуардың санитарлық қорғау аймағы – 30 м.

